

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

тұстарына баса назар аударылады, сондықтанда лирикалық шегініс шығарманы одан әрі қызықты етіп, оқырманның назарын шығармаға мейлінше аударуға ықпал етеді.

Бұдан басқа композицияның пейзаж, интерьер секілді бөлшектері де бар. Пейзаж табиғатты, жаратылыс суретін көркем тілде жеткізу болса, интерьер – шығармадағы кейіпкерлердің тұрмыс - тіршілігін айқынырақ беру үшін тұрмыстық заттардың бейнеленуі.

«Дөп – дөңгелек Ай толықсып, сүттей аппақ көркімен қара жамылған Қарауылға сән беретін. ...Терең сайға түскен Ай сәулесі бұрынғысынан да жап – жарық. ... Түн жамылған сай іші жап – жарық Ай таң атқандай ағарып барады» [3]. Жазушы Айды бірде Ләйләнің жан серігі ол бар кезде жарқырап ауылға сән беріп тұратын табиғаттың сыйы ретінде көрсетсе, енді бірде Ләйлә жоқта ол да нұрын, жарығын жасырғандай етіп көрсетеді. Пейзаж тек табиғатты, оның көркін ғана емес, адамның жан дүниесін, ондағы адалдықты, тазалықты дәріптейді.

Композиция – композициялық бөлшектер мен сюжеттік дамудың кезеңдерін реттеп тұратын біртұтас ұғым. Шығармадағы барлық бөлшектерді тұтастырып, бас – аяғы жинақы шығарма тудырып, оны негізгі идеяға бағындыратын да композиция. Композиция туындының міндетті компоненті. Сюжет кез келген шығармада болмайды, ал композиция шығарма құрылымын жүйелеп, реттейтін бірлік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов З. Сөз өнері: Оқулық – моография. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2014. – 496 б.
2. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев) Алматы: «Ана тілі», 1996. – 240 бет.
3. <https://bilim-all.kz/article/15697-Mangilik-bala-beine?ysclid=lfk64r65oh4216271>

ӘОЖ 17.15.6

Қазақ әдебиетіндегі лирикалық прозаның сипаты

Қойшыбек Сабина Қалыбекқызы, Реимбай Орынша Турганбайқызы
orynsha.reymbai@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
1-курс студенттері, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., профессор Байтанасова Қ. М

Қазақ халқының өмір салтында сөз өнерінің алатын орны ерекше. Адам жанының ішкі сырын, толғанысын, тебіренісін, ойы мен сезімін жеткізуде сөз құдіретін айрықша бағалаған. Сөз құдіретін танытуда лирика жанры әрқашан да маңызды рөлге ие. Лирика – өлең сөз арқылы ақынның өз басының алуан түрлі нәзік түйсіктерін, күйініш-сүйінішін, ішкі сезім толғанысын суреттейтін жанр. Өмір шындығын мейлінше мол қамтып, кең суреттейтін, адам мінезін мүмкіндігінше терең ашып, жан-жақты танытатын іргелі жанр түрі - эпос. Екі жанр түрінің ерекшелігіне тоқталар болсақ, лирика – өзінің бойына ақындық «менді», оқырман мен ақын арасындағы ұштасқан көңіл – күй, сезімдерін біріктіріп, біте қайнастыратын көркем сөз жанры, ал «эпос – кейіпкер өмірін кеңінен баяндап, адам мен қоғам өміріндегі арналы шындықтарды, күрделі құбылыстарды, шығармаға арқау болатын тартыстарды жан – жақты көркем суреттейді» [1,407 б.].

Әдебиеттануда өзіндік ерекше стильдік сипатымен танылған, эпос пен лириканың сабақтастығынан туған көркемдік құбылыс – лирикалық проза. Бұл ұғым ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында ғана кеңінен өріс ала бастады. Лирикалық прозаның стильдік ерекшелігі: өмір шындығын, автор көңіліндегі сыр мен шығармада белең алған тартысты, автордың дүниеге деген көзқарасын, таным белсенділігін ақындық «мен» арқылы жеткізіп,

эпикалық сипатпен түйістіреді. Прозадағы лиризм авторға кейіпкерлер арасындағы байланысты көрсетуде ғана емес, өзіндік ұстанымын, шығарма идеясы мен тақырыбын ашуда да септігін тигізеді. Сонымен қатар, қара сөздің көркемдік сипат алуында аса маңызды орынға ие. Лирикалық прозаны оқуда оқырман автордың айтқысы келген ойын терең түсінеді. Біз оны бірқатар қазақ туындыларынан байқай аламыз. Қазақ әдебиетінде ХХ ғасырдың басындағы прозалық шығармаларда лиризм айшықтары айқындала бастады. Мұндай лирикалық сипатты Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі» хикаятынан байқай аламыз. «Шұғаның белгісінде» көрініс табатын лирика - кейіпкерлердің жан әлемі, қуаныш сезімі, қайғы-қасіреті, ішкі сырын суреттеп жеткізетін айрықша құрал іспеттес.

Шығарма сюжетінде автор екі жас арасындағы сыр шерткен махаббат пен қатал тағдырдың көрінісін суреттейді. Шығармадан әділетсіздік, көреалмаушылық, бай мен кедей арасындағы теңсіздік секілді қоғам арасында белең алған мәселелерді де байқаймыз. Оқиға барысында әңгімені баяндаушы Қасымжанның сөзінен лиризмнің, лирикалық прозаның сипаты да айқын көрінеді. Көркем суреттеуде кейіпкерлердің өлең түрінде жолдаған хаттары олардың шынайы сезімдерін тануға көмектеседі. Осы тұжырымды дәлелдеу үшін бұл шығармадағы лиризмге нақтырақ тоқталып өтейік.

Ессіз ғашық болған жас бозбала Кәрімнің Шұға сұлуға арнаған хаты – бұл шығармадағы лиризмнің бастауы.

Қаладан алып келген боз белбеуім,
Болса да жаман, жақсы өз белбеуім.
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрмісің аман-есен, көз көргенім [2,8 б.].

Бұл өлең жолдарында Кәрімнің Шұғаға деген ынтық сезімі мен махаббаты айқын көрініс табады. Сонымен қатар, ғашық жігіттің сүйгенімен көрісуге деген ынтызарлығы байқалады. Автор Шұғаға ғашық болған барша жігіттердің сезімдерін бір Кәрімнің хатына сыйғызып, жеткізгісі келгендей.

Хикаятқа арқау болған негізгі мәселені жеткізуде Б. Майлин лиризмді кеңінен қолданады. Әңгімені баяндаушы Қасымжанның өзі де туындының идеясын ашуға септігін тигізетін кейіпкер. Қасымжан мен Зәйкүл арасындағы ұнату сезімі мына өлең жолдарында беріліп, одан кейінгі сюжеттің мәнін аша түседі:

... Қасымжан, серт байласқан сен емес пе ең,
Ұстаған етегіңнен мен емес пе ем.
Болса да не қиындық басты тартпас,
Жүретін қол ұстасып тең емес пе ем... [2,12 б.].

Бұл хатқа Қасымжанның берген жауабы арқылы автор сол замандағы жастардың әділетсіздікке шарасыздығын көрсетеді:

Деген соң сұлу Зәйкүл, сұлу Зәйкүл,
Айтуға сымбатынды жетпейді тіл.
Басымды тау мен тасқа ұрсам-дағы,
Ешбір іс ретіне келмей-ақ жүр... [2,13 б.].

Бұл шығарманың басқа туындылардан өзгешелігі автордың прозадағы лиризмді ерекше тәсілмен беруінде. Өлең жолдарын оқыған адам өлеңнің эпитет, теңеу секілді көркемдегіш құралдармен әрленгенін байқай алады. Сонымен қатар, шығарманың прозалық сипатын ашуда кейіпкерлердің іс-әрекеттері кеңінен суреттеліп, өлеңмен көркемделеді. Туындыдағы кейіпкерлердің қарым-қатынасы, олардың ішкі толғанысы бейнеленген өлең жолдары шығармаға арқау болған мәселелерді ашады. Мәселен, әр уақытта сөз болған қазақ қызының қиындыққа толы қилы тағдыры Шұға мен оның төңірегіндегі қыздардың ішкі мұңын жеткізетін өлең жолдары арқылы көрініс табады. Ата-бабадан қалған дәстүрдің салдары

туралы Шұғаның ащы зары сол кезеңдегі қыздардың қайғысымен үндес. Мына өлең жолдарынан аталған тұжырымдарды көре аламыз:

«Не мұндық, бұл дүниеде қыздар мұндық,
Атадан болып мұндық неге тудық.
Атадан мұндық болып тумас едік,
Бұрынғы ата-баба жолын қудық...» [2,14 б.].

«Прозадағы жанды тербетер лиризм және әңгіменің бірінші жақтан баяндалуының өзі сезім иірімдерін сан құбылтып, өне бойына татымды сыршыл әуен қосқан. Б. Майлиннің прозалық шығармаларында лирикалық сипаттың басым болуы оның ақындығынан шығар деген де ой келеді» [3,260 б.]. Осы тұжырымға сүйене отырып, «Шұғаның белгісі» хикаятыдағы Әбдірахман мен Шұғаның арасындағы сыршыл махаббатты жеткізуде автор қолданған лиризм оның тек жазушылығын ғана емес, ақындық қасиетінен да сыр шертеді.

Әбдірахман мен Шұғаның арасындағы сезім - туындыға арқау болатын басты тақырып. Екі ғашық жанның арасындағы қарым - қатынас махаббат лирикасын прозалық шығармада беру арқылы жандана түседі. Автор бір көргеннен ессіз ғашық болған екі жастың қоғам наразылығына қарсы күресін, батылдықтарын, бір-біріне деген ыстық сезімдерін, көзі ашық, көкірегі ояу жастардың әділдікке ұмтылған жалынды рухын басты орынға қояды.

Жас жүрегін дерткеулеген Әбдірахман сүйіктісі Шұғаның сөзін «тұмарға», «құранға» теңеп, оның жауабын асыға күтетіндігін өлең жолдарына сыйдырып, шынайы сезімін, ынтық сағынышын білдіреді. Бұл сезім күйін мына өлең жолдарынан айқын байқаймыз:

Бір көргенде сикырланып ақыл-ой,
Бал сөзінде қалды ынтам бір қанбай.
Қырық бүктеліп келсе хатың тұмардай,
Жылы жүзбен көңілді жай кылардай.
«Болад» деген жалғыз ауыз сөз тапсам,
Көңіліме сақтар едім құрандай... [2,16 б.].

Бәрімізге мәлім кейіпкердің ішкі жай-күйін, толғаныс-тебіренісін бейнелеу мақсатында қолданылатын ерекше тәсіл – монолог «Шұғаның белгісі» повесінде Шұға сұлудың мұңы мен зарын жеткізуінде байқалады.

... Әуре боп неге біткен ажар-көрік,
Ішіңе от түсірдің қалқам көріп.
Гүлдену жас өмірде мақсұт боп ед,
Серттесіп, қол алысып, уәде беріп.

Жолыңа құрбан қып ем жан мен тәнді,
Дариға, айтылған серт болмай қалды.
Көре алмай ақтық минут дидарыңды,
Арманда жан тапсырған мен бір зарлы!..

Хаты деп ақтық жазған ғашық жардың,
Есіңе ал, дұғаңа мен ынтызармын.
Қош, сау бол, ойнап-күліп жолығармыз,
Астында ақ туының пайғамбардың!..» [2,23-24б.].

Бұл монолог Шұғаның Әбдірахманға жазған соңғы хаты болатын. Жете алмаған мақсаттары мен аңсаған армандары, әділетсіздіктің құрбаны болған ғашықтардың шері, қайтсе де бірге болуға деген үміті осы өлең жолдары арқылы оқырманға жетеді. Автордың

өлең жолдарымен Шұғаның сезімін беру тәсілі қара сөзге қарағанда, шығармаға әр беріп, оның ішкі күйін оқырманға толық жеткізуге септігін тигізеді.

Тұжырымдай келе, лириканың прозамен ұштасуы әдеби жанрға жаңа сипат әкелді. Туындыдағы кейіпкерлердің толғанысы мен сан қилы сезімдерін беруде автор қолданатын бұл тәсіл үнемі даму үстінде болады. Себебі, шығармашылық өкілдері өз кейіпкерінің жан сұлулығын, арман-тілегін, сағыныш-аңсарын, ыстық махаббатын өмір шындығымен ұштастыра отырып, шығарманың көркемдік сипаттарын дәл осы прозадағы лирика арқылы аңғартады. Қазақ әдебиетіндегі лирикалық проза әр уақытта әр түрлі көрініс тапты. Қаламгер шығармаларынан байқайтын негізгі ерекшелік- лирикалық прозаның заман талабына сай дамып отыруы. Әр кезеңде өмір сүрген жазушылар лирикалық проза саласына өзіндік жаңа көзқарастар мен жаңа ойлар қосқанын аңғарамыз. Біз мысал ретінде алған Б.Майлиннің XX ғасырдың басында жазған «Шұғаның белгісі» повесі сол заманғы лирикалық прозаның жаңа қырын таныта алды. Автор өзінің ақындық қырын оқырманға көрсете білді. Шығарма кейіпкерлерінің басынан кешкен оқиғалары лирикамен көркемделіп, прозаның ерекшелігімен айқындалды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов З. Сөз өнері: Оқулық- монография.- Алматы: Өлке, 2014. – 496 б.
2. Майлин Б. Шұғаның белгісі. – Алматы: Атамұра, 2003.- 258 б.
3. Бүгінгі әдебиеттану: жанр және көркемдік ізденіс: ұжымдық монография / жалпы редакциясын басқарған С.А. Қасқабасов/Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. - Астана : ЕҰУ, 2017. – 334 б.

ӨОЖ 17.01.09.

АЛАШ КЕЗЕҢІ ӘДЕБИЕТІНДЕ ТАРИХИ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ

Қойшыбекова Арайлым

sagymbekovaarai@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
2-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., қауым. профессор Кемеңгер Қ.Р.

Алаш кезеңі әдебиеті – XX ғасырдың басынан, 1905-1907 жылдардан, бастау алып, жазба әдебиетінің жанданған мезгіліне тұспа-тұс келетін әдебиет. Мерзімі жағынан қысқа уақытты қамтығанымен, өзінің әдебиетке әкелген қарқынды әрі қарымды дамуымен ерекше. Ғасыр басындағы қазақ оқығандарының біріге бас көтеруі, қайраткерлік пен қаламгерлік қызметті қатар алып, әдебиет саласына тың жаңалықтар әкеліп, ағартушылық пен азаттық туын тең көтеруі – аталмыш кезеңнің басты жетістігі.

XX ғасыр басындағы әдебиет өзіне дейінгі кезеңдермен салыстырғанда, көз ілеспес қарқынмен дамыды: жаңа тақырыптар жазылды, жанрлық толысулар орын алды, әдеби байланыстар нығая түсті. Сонымен қатар, әдебиет тек эстетикалық әсер сыйлауды емес, елге серпіліс жасауды, ұлттық руханиятты оятуды мақсат тұтады. Бұл жолда қазақ оқығандарының алдынан түрлі соқпақ кездесті, десе де оны еңсеру жолында түрлі амал жасалды. М.Дулатұлының «Оян, қазақ!» (1909) деп жар салып, оған ілесе А.Байтұрсынұлының ызындап, халықты меңіреу хәлден шығаруға талпынған «Масасы» (1911) осы амалдардың іргетасы іспетті еді. Тақырыбымызға өзек болып отырған тарих тұжырымы, тарихи сананы ояту да елді қараңғылық қапасынан шығарудың бір жолы еді [1; 199].

Алаш зиялылары өмір сүрген мезгіл – әміршілдік зынданына салынып, саяси бұғаудан босамаған, қазақ халқының жеке тарихы турасында жазбақ түгілі, айтуға тыйым салынған, төл тарихымыз өзге ұлт тарихының көлеңкесінде қалған уақыт. Осы кезде әдебиет тарихтың